ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 2 маусым №1513-25-00-2/891 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья С.С.Сәрсенованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б.С.Кожагулова отырып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Береке» Самал Досановна Икембаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ә.С.Сапа,
жауапкер С.Д.Икембаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

13.03.2025 жылы "Темір аудандық экономика және қаржы бөлімі" ММ-мен Ақтөбе облысы Темір ауданы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін №14264128-1 мемлекеттік сатып алу хабарламасы веб-порталда орналастырылды.

Тапсырыс беруші "Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ-і белгіленген.

Хабарламаға сәйкес 7 лот жарияланды.

Талап қоюшы сотқа жолдаған талап қоюында жауапкер конкурсқа қатысқан кезде материалдық ресурстары туралы жалған құжаттарды ұсынғаны үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюшының талабына қарсы уәждерін келтірген жоқ.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1)-тармақшасына сай анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабында әлеуетті өнім берушінің, өнім берушінің анық емес ақпарат беруінің салдарлары қарастырылған.

Атап айтқанда, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады.

Заңның 11-бабына сай әлеуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы секілді біліктілік талаптары қойылады.

Әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсыну арқылы не Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Іс материалдарынан жауапкер тарапынан конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстары болуын растау үшін «Dike» ЖШС-і және «ПК «ШымкентДорСтрой» ЖШС-нен арнаулы техниканы жалға алу шарттары ұсынылғаны анықталды. Алайда, аталған ақпаратты тексеру

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 11.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Сәрсенова С. С., 17.07.2025
1513-25-3-1/1053

кезінде техниканы жалға алу шарттарының іс жүзінде жасалғандығы жоғарыда көрсетілген мекемелермен расталмаған. Олардың ұйымдастырушыға берген жауаптарынан «Береке» ЖК-мен жасалған шарттарының жалған екендігі анықталады. Істі қарау барысында жауапкер аталған жайттарды жоққа шығаратын анық және нақты дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Демек, «Береке» ЖК-дің анық емес ақпарат беру фактісі анықталып, дәлелін тапқан. Бұл жағдайда сот талап қоюшының талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Береке» Самал Досановна Икембаеваға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Береке» Самал Досановна Икембаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Береке» Самал Досановна Икембаевадан мемлекет кірісіне 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтап, осы сот арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **С.С.Сәрсенова**

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенова С. С., 11.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Сәрсенова С. С., 17.07.2025

1513-25-3-1/1053